

2001-2002 жылдарға арналған Алматы қалалық "Жастар және жасөспірімдер" мақсаткерлік бағдарламасын бекіту туралы

Күшін жойған

II сайланған Алматы қалалық Мәслихатының VIII сессиясының 2001 жылғы 19 қаңтардағы шешімі. Алматы қалалық Әділет басқармасымен 2001 жылғы 14 ақпанда N 288 тіркелді

Күші жойылды - III сайланған Алматы қалалық Мәслихатының XX сессиясының 2005 жылғы 23 желтоқсандағы N 211 шешімімен

Қазақстан Республикасы Конституциясы 86 бабының 4 тармағының 1 тармақшасына, "Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 3 бабының 1 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 40 бабына сәйкес және Алматы қаласы Әкімінің ұсынысымен II-сайланған Алматы қалалық Мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ** :

1. 2001-2002 жылдарға арналған Алматы қалалық "Жастар және жасөспірімдер" мақсаткерлік бағдарламасы бекітілсін N№1 қосымша.
2. Алматы қаласының Әкіміне 2002 жылдың бюджетін құрастыру кезінде бағдарламаны іске асыруға қаражат бөлуді қарастыру ұсынылсын.
3. Осы сессияда қаралған және қабылданған мемлекеттік жастар саясатын бұдан әрі іске асыру жөніндегі ұсыныстар Қазақстан Республикасының Үкіметіне белгіленген тәртіппен жолдансын, N 2 қосымша.
4. Осы шешімнің орындалуын бақылау Ғылым және білім жөніндегі тұрақты депутаттық комиссияға (Т.И. Есполов) және қала Әкімінің орынбасары Ү.Ж. Ыбыраевқа жүктелсін.

*II-сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының VIII-сессиясының*

төрағасы

*II-сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының хатшысы*

II сайланған Алматы қалалық Мәслихатының
2001 жылғы 19 қаңтардағы
VIII сессиясының шешіміне N 1 қосымша

**Үкіметтік емес қоғамдық ұйымдар қазірдің өзінде Қазақстанда
құқық қорғау қызметінде де, халық топтарының айрықша**

мүдделерін жүзеге асыруда да, қоғамды әлеуметтік тұрақтандыруда да үлкен роль атқарып отыр. Атап айтқанда, әлеуметтік мәнді жобаларды жүзеге асыру үшін... елеулі мемлекеттік қолдау керек.

Алматы қалалық "Жастар және жасөспірімдер" мақсаткерлік бағдарламасы

I. Кіріспе

Қазақстан қоғамындағы неғұрлым өткір проблемалар қатарында жастардың әлеуметтік жағынан қалыптасып, дамуы және қоғам мүддесіне бола олардың творчестволық әлеуетінің неғұрлым толық пайдаға асуы үшін аймақтық деңгейде саяси-құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастырушылық жағдайлар мен кепілдіктер туғызып, нығайту проблемасы айрықша орын алады. Өздерінің жасына, демографиялық және әлеуметтік сипатына қарай жастар халықтың қоғамдық белсенділігі неғұрлым жоғары, мемлекет үшін болашағы неғұрлым маңызды жігін құрайтындықтан жастар саясатын қоғамның стратегиялық даму мәселесі деңгейінде қарап, оның творчестволық әлеуетін және инновациялық ресурстарын арттыру ретінде қабылдау керек.

Жастар саясатын жүзеге асырудың және жастар ұйымдары қызметінің негізгі қағидалары, экономикалық және әлеуметтік кепілдіктері, сондай-ақ жас азаматтардың құқықтары мен міндеттері 1999 жылғы 28 тамызда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың өкімімен қабылданған "Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының концепциясында" айқындалған.

Бүгінде Алматы қаласында жастардың және жасөспірімдердің проблемасымен белгілі бір дәрежеде әралуан мемлекеттік органдар мен мекемелер шұғылданады, жас ұрпақ тәрбиесімен шұғылданатын үкіметтік емес қоғамдық ұйымдар жүйесі жұмыс істейді. Дегенмен олардың жұмысында күш-жігерді үйлестіріп, ресурстарды жұмылдырудың болмауы, кейде саяси және әлеуметтік міндеттер мен мақсаттарда принципті алауыздықтардың орын алуы, іс-әрекеттің әркелкілігі парасат және кадр әлеуетінің ыдырауына, сөйтіп жұмыс пәрменділігінің кемуіне соқтырады.

Осыған байланысты жастар арасындағы субъектілер қызметінде қалыптасқан әркелкілікті жою мақсатында қалалық мақсаткерлік бағдарлама қабылдау толғағы жеткен мәселе; ол Алматы қаласындағы мемлекеттік жастар саясатының негізгі мақсаттарын, қағидаларын және басымдылықтарын айқындап, мегаполистің барлық мемлекеттік, шаруашылық, қоғамдық органдарының, мекемелерінің, ұйымдарының, одақтарының, қорларының, ассоциацияларының, комитеттерінің, басқармаларының және т.б. күш-жігерін жастардың қалыптасуы мен өркендеуі үшін әлеуметтік-экономикалық, құқықтық және ұйымдық

жағдайлар туғызуға жұмылдыруы тиіс.

Бұл бағдарламаны қабылдау жергілікті жерде жастармен және жасөспірімдермен істелетін жұмысты бірте-бірте әрі жүйелі түрде (календарлық және саналық принцип бойынша) заңнамалық бағдарлауды енгізумен іс жүзінде дәйектеуді көздейді және қолданыстағы осы бейінді бағдарламаның орындалуын бақылау мен кезекті бағдарламаны Мәслихат сессиясында бекітуді мақсат етеді. Мәселеге осы тұрғыдан келу жас ұрпаққа ұдайы көңіл бөлуге және олармен жұмыс істеудегі сабақтастықты жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

II. Бағдарлама паспорты

Бағдарламаның аты !	Алматы қалалық "Жастар және жасөспірімдер" мақсаткерлік бағдарламасы
Бағдарлама жасау қажеттігі	Жастар саясатын қоғам дамуының аса маңызды стратегиялық құрамдас бөлігі ретінде айқындау; жастар мен жасөспірімдердің творчестволық әлеуетінің, жастар инфрақұрылымының стратегиялық және инновациялық ресурстарының артуы. Жастарды мемлекет дамуының мақсаттары негізгі адам ресурсы, әлеуметтік жаңғыртулар мен реформалардың, экономикалық даму мен техникалық прогрестің басты жүргізушісі ретінде бағалау.
Бағдарламаны жасаудың негізі туралы"	1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының концепциясы" туралы 1999 жылғы 28 тамыздағы N№73 өкімі. 2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000-2002 жылдарға арналған іс-әрекет бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі шаралар жоспарының 4.5.1.4. тармағы. 3. Мемлекеттік жоспар саясаты концепциясын жүзеге асыру жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 1 наурыздағы N№336 қаулысымен бекітілген шаралар жоспарының 23 тармағы.
Бағдарламаның мақсаты	Аймақта жастардың азаматтық қалыптасуы мен әлеуметтік тұрғыдан өздерін көрсетуінің құқықтық, экономикалық, әлеуметтік, ұйымдық жағдайларын кепілдіктері мен тетіктерін жасау және одан әрі дамыту, жастар проблемасын қазіргі тарихи жағдайларға сәйкесетін мейлінше жаңа негізде шешу арқылы Алматы қаласында мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыруды қамтамасыз етудің әдістемелік, ұйымдық және ақпараттық негіздерін қалыптастыру. Мемлекеттік және қоғамдық жастар инфрақұрылымының қызметін дамыту және қолдау.
Бағдарламаның міндеттері	1. Жастар мен жасөспірімдердің азаматтық, әлеуметтік, біліми, кәсіби, парасаттылық, мәдени, адамгершілік және рухани тұрғыдан үйлесімді дамуы. 2. Жастар мен жасөспірімдердің бойында отаншылдық, кәсіпқойлық, жауапкершілік сезімін қалыптастыру, олардың өткен ұрпақтардың әлеуметтік-мәдени тәжірибесін, әлемдік өркениет жетістіктерін игеруі. 3. Жастар мен жасөспірімдердің экономикалық және құқықтық мәдениетін, іскерлік белсенділігі мен бастамашылдығын, кәсіпкерлігін көтеру, оларды қоғамның

әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени өміріне

бүтіндей тарту.

4. Жастар мен жасөспірімдердің қазіргі өмір жағдайларына бейімделуіне, өмір жолын таңдау, жеке және азаматтық табысқа жету мүмкіндігін кеңейтуге әлеуметтік көмек көрсету.

5. Жастар мен жасөспірімдердің инновациялық әлеуетін іске асыру: творчестволық белсенділігін, сындарлы әрі қоғамдық мәні бар идеяларын, ұсыныстарын, бағдарламаларын, жобаларын қолдау және ынталандыру.

6. Жастарды аймақаралық, жалпыұлттық және халықаралық экономикалық, әлеуметтік-мәдени, ғылыми және біліми процестерге тарту.

Алматы мемлекеттік қаласында жастар саясатын іске асыру" бөлімінде барлық қала құрылымдарының қызметін

үйлестіру. <*>

Бағдарламаның
құқықтық негізі
және нормативтік
базасы

1. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы.
2. Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының "2000 жылға дейін жастарды дамыту жөніндегі бүкіл дүниежүзілік іс-шаралар бағдарламасын 50/81 қарары.

3. Бала құқықтары туралы конвенция.

4. Қазақстан Республикасының Конституциясы.

5. Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 1999 жылғы 28 тамыздағы концепциясы.

6. Ел Президентінің "Қазақстан - 2030. Барлық қазақстандықтардың гүлденуі, қауіпсіздігі және тұрмыс жағдайының жақсаруы" атты Қазақстан халқына Жолдауы.

7. Ел Президентінің 2000 жылғы 28 қазандағы "Ерікті, пәрменді және қауіпсіз қоғамға" атты Қазақстан халқына Жолдауы.

8. Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы" 1998 жылғы 1 шілдедегі N 258-1 Қазақстан Республикасының заңы" (1998 жылғы 20 қарашадағы және 1998 жылғы

24 желтоқсандағы өзгерістермен) <*>

Бағдарламаның негізгі қағидалары оларды басшылыққа алу бағдарламаны іске асыру процесіне жүйелік және дәйектілік, нақтылық және тұтастық сипат береді, тарихи сабақтастықты, жұмыстың бірегей методологиясы мен әдістемелігін қамтамасыз етеді, басымдықтары мен нақты перспективаларын айқындайды.

Бағдарламаны
қалыптастыру
тұрғылары

1. Бағдарламаның әртүрлі мүдделі ведомстволар мен ұйымдар тарапынан Алматы қаласындағы жастардың жағдайына жүргізілген социологиялық зерттеудің статистикалық мәліметтері мен нәтижелеріне сүйенуі.

2. Алматы қаласында тұратын жастарды, жасөспірімдерді, жас отбасыларын қамту.

3. Әмбебаптық пен жалпылыққа бағыт ұстау. Бағдарламада жастармен және жасөспірімдермен жұмыс істеудің сыннан өткен, жақсы жағынан көрінген тәсілдері мен нысандарын әрі дәстүрлі, әрі жаңа тарихи және әлеуметтік-экономикалық жағдайлардан туған жастар проблемаларын шешудің қазіргі амалдарына сәйкесетін нақты шаралармен біріктіріледі.

4. Алматы қаласындағы жастар ұйымдары мен

бірлестіктерін әлеуметтік бәсекелестік шартымен
бағдарламаны қалыптастыруға және жүзеге асыруға

неғұрлым көбірек тарту.

Бағдарламаны

орындаудың болашақ
нәтижелері

1. Жастарды өздерін танытудың қоғамдық мәні бар
нысандарына тарту, оларды елдің әлеуметтік-экономикалық
және саяси өміріне белсендірек қатыстыру.
2. Алматы қаласындағы жастар мен жасөспірімдер арасында
әлеуметтік жағдайды жақсарту және әлеуметтік шиеленісті
бәсеңдету. Жастар арасындағы құқық бұзушылық және
әлеуметке жат көріністердің алдын алу.
3. Қала жастар ұйымдарының жастар қажеттері мен
мүдделерінен туатын проблемаларды шешуге нақтылай

қатысуы.

Бағдарламаның

іске

мерзімдері

Бағдарламаны іске
асу кезеңдері

2001-2002

жылдар

асу

Бірінші кезең - 2001 жыл: Алматы қаласы атқарушы
билігінің жүйесінде қалалық және аудандық деңгейде
жастармен жұмыс істеу жөніндегі ұйымдық құрылым құру
(қаңтар-ақпан); бағдарламаның 2001 жылдың алғашқы
жартысына белгіленген шараларын іске асыру
(қаңтар-маусым); бағдарламаны жүзеге асырудың 2001
жылдың алғашқы жарты жылдығындағы қорытындылары бойынша
үйлестірушінің ғана әкіміне есебі (шілде);
бағдарламаның 2001 жылдың екінші жарты жылдығына
белгіленген шараларын іске асыру (шілде-желтоқсан);
бағдарламаны жүзеге асырудың 2001 жылдың екінші жарты
жылдығындағы қорытындылары бойынша үйлестірушінің қала
Әкіміне есебі (2001 жылғы қараша); бағдарлама шараларын
анықтау және оларды қаржыландыру жөнінде 2002 жылға
арналған қала бюджетінің жобасына ұсыныстар енгізу
(2001 жылғы қыркүйек-қараша); Алматы қалалық
Мәслихатының сессиясында бағдарламаның бірінші кезеңін
орындау қорытындылары туралы мәлімдеу және екінші
кезеңнің шаралары мен қаржыландыруын бекіту (2001 жылғы
ж е л т о қ с а н) .

Екінші кезең - 2002 жыл: бағдарламаның 2002 жылдың
алғашқы жартысына белгіленген шараларын іске асыру
(қаңтар-маусым); бағдарламаны іске асырудың 2002 жылдың
алғашқы жарты жылдығындағы қорытындылары бойынша
үйлестірушінің қала әкіміне есебі (шілде);
бағдарламаның 2002 жылдың екінші жартысына белгіленген
шараларын іске асыру (шілде-желтоқсан); бағдарламаны
іске асырудың 2002 жылдың екінші жарты жылдығындағы
қорытындылары бойынша үйлестірушінің қала әкіміне есебі
(2003 жылғы қаңтар); қоғамдық мәні жоғары жастар
бастамашылығына тендер жариялау негізінде 2003-2004
жылдарға бағдарлама жасау (2002 жылғы тамыз-қараша);
бағдарлама шараларын қаржыландыру жөнінде 2003 жылға
арналған қала бюджетінің жобасына ұсыныс жасау (2002
жылғы қараша); Алматы қалалық Мәслихатының сессиясында
бағдарламаның екінші кезеңінің орындалуын қорытындылау

	және 2003-2004 жылдарға арналған бағдарламаны және жаңа бағдарламаның бірінші кезеңінің шараларын қаржыландыруды бекіту (2002 жылғы желтоқсан).
Бағдарлама субъектілері	18-30 жастағы жастар мен 14-17 жастағы жасөспірімдер. - Жасы 30-ға дейінгі ерлі-зайыптылардың некеге тұрғаннан кейінгі алғашқы үш жылдағы отбасылары. - Мемлекеттік органдар және олардың лауазым иелері. - Қоғамдық ұйымдар, олардың сайланбалы органдары мен лауазымды адамдары.
Бағдарлама жасаудың бастамашысы	"Отан" (Отчизна) республикалық саяси партиясының Алматы қалалық Мәслихатындағы депутаттық тобы.
Бағдарламаны жасаушылар	Алматы қалалық Мәслихатының депутаты Т.Ә.Ізмұхамбетов бастаған белсенді топ, құрамы: "Отан" (Отчизна) республикалық саяси партиясының Алматы қалалық филиалының атқарушы директоры Л.И.Кармазина, Алматы қалалық әкімшілігі ішкі саясат бөлімінің жетекші маманы Н.А.Балғынбаев, Алматы қалалық қоғамдық келісім басқармасының маманы Е.Айымбетов, сондай-ақ Алматы қаласындағы әртүрлі жастар ұйымдарының басшылары мен өкілдері - Алматы қаласы Әкімі аппаратының барлық мүдделі буындары тарапынан проблеманы тұжырымдау және экономикалық негіздеу жөнінде болған ұсыныстарды ескере отырып.
Бағдарламаның әкімдері	Алматы қаласының мәдениет басқармасы <*>
Бағдарламаны үйлестіруші қоры <*>	Бағдарлама үйлестірушісі және жауапты орындаушысы - Алматы қаласының жастар саясатын дамытудың мемлекеттік қоры <*>
Бағдарламаны орындаушылар	- Алматы қалалық - басқармалар: ақпарат және қоғамдық келісім; мәдениет; тілдер жөніндегі, кинобейнеқызмет; ішкі істер; нашақорлықпен күрес жөніндегі; әділет; қаржы; статистика; - департаменттер: білім; еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау; денсаулық сақтау; шағын бизнес; коммуналдық меншікті басқару жөніндегі; - комитеттер: экономика жөніндегі; сыртқы экономикалық және мәдени байланыстар жөніндегі; дене тәрбиесі және спорт жөніндегі; туризм; меммүлік және жекешелендіру аймақтық комитеті; Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Алматы қаласы бойынша салық комитеті; - Қазақстан халықтары шағын Ассамблеясының (ҚХА) Алматы қаласындағы атқарушы секретариаты; кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі комиссия (КІК); салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы (СӨСҚО); жұмыспен қамту орталығы. "Алматыжарнама" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны және "Алматықалабезендіру" акционерлік қоғамы. <*> - Алматы қаласындағы аудандық әкімшіліктер.
Бағдарламаны қаржыландыру көздері	- Алматы қаласының бюджеті - Республикалық бюджет - Жеке тұлғалар мен заңдық тұлғалардың (соның ішінде -

	шетелдік те) демеушілік және техникалық қолдауы
	4. Бағдарламаны орындаушылардың Республика заңнамасы шеңберіндегі дербес шаруашылық қызметі
5. Гранттық қолдау	
Бағдарламаны қаржыландыру көлемі	2003 жылғы - 50000000 теңге, 2004-2005 жылдарға - қала бюджетінен осы мақсаттарға бөлінген қаражат шегінде
	Ескерту: қаржыландырудың белгіленген сомасы қажет болған жағдайда өзгеруі мүмкін.
Бағдарламаның орындалуын бақылайтын органдар	1. Алматы қалалық Мәслихаты 2. Алматы қаласының Әкімі
Бағдарламаның орындалуын механизмі	1. Бағдарлама әкімдерінің үйлестірушіге тоқсан сайын бақылау ақпарат беруі. 2. Үйлестірушінің Алматы қаласы Әкімінің тікелей алдында жарты жылдықтар қорытындысы бойынша есеп беруі. 3. Жыл сайын Алматы қалалық Мәслихатының сессиясында бағдарламаны орындау қорытындысын шығару. 4. Қызметті бағалаудың басты өлшемі - мемлекеттік жастар саясатының негізгі қағидаларын бұлжытпай
орындау.	
Бағдарламаны қабылдау	Алматы қаласының әртүрлі жастар ұйымдары мен бірлестіктерінде, студенттер мен оқушылар ұжымдарында, қалалық баспасөзде бағдарламаны кеңінен талқылау. Заңдық, ғылыми, экономикалық және қаржылық есептерін
өткізу.	
Бағдарламаның құрылымы	Өз алдына дербес үш тарау: 1. Кіріспе 2. Бағдарлама паспорты 3. Бағдарламаның негізгі басымдықтары және олар бойынша
шаралар	

Ескерту. II-бөлім өзгертілді - Алматы қалалық Мәслихатының 2002 жылғы 19 желтоқсандағы шешімімен .

III. Бағдарламаның негізгі басымдықтары

Бағдарлама 2001-2002 жылдары мемлекеттік жастар саясатының негізгі бағыттарына сай келетін мына басымдықтар бойынша ұйымдық-атқарушылық шаралар мен нақты іс-әрекет кешенін жүзеге асыруды көздейді:

1. Тіршілік әрекетінің еңбек және жұмыстылықтың, білім алудың, кәсіби және ғылыми даярлықтың, бос уақыттағы мәдени көпшілік және сауықтыру жұмысының, көркемөнерпаздықтың, қолданбалы және техникалық творчествоның, рухани және бой-тұрпат дамуының, аймақаралық және халықаралық жастар мен студенттер алмасудың әралуан салаларында жастар мен жасөспірімдерінің құқықтарын, бостандықтарын, мүдделері мен артықшылықтарын сақтауды қамтамасыз ету.

2. Жастар мен жасөспірімдерге әлеуметтік көмек көрсетудің және оларды

қазіргі жағдайға бейімдеудің жүйесін қалыптастыру.

3. Жастардың қоғамдық бірлестіктерін дамытуға және олардың қызметіне е с е п т е с у .

4. Жастар мен жасөспірімдерді ақпараттық қамтамасыз ету жүйесін құру.

5. Жастармен жұмыс істеу жөніндегі қалалық ұйымдық құрылым құру.

1. Тіршілік әрекетінің еңбек және жұмыстылықтың, білім алудың, кәсіби және ғылыми даярлықтың, бос уақыттағы мәдени көпшілік және сауықтыру жұмысының, көркемөнерпаздықтың, қолданбалы және техникалық творчествоның, рухани және бой-тұрпат дамуының, аймақаралық және халықаралық жастар мен студенттер асудың әралуан салаларында жастар мен жасөспірімдерінің құқықтарын, бостандықтарын, мүдделері мен артықшылықтарын сақтауды қамтамасыз ету

а) Жастар мен жасөспірімдерінің еңбек жұмыстылығының мәселелері

Міндеттер: Нарықтық экономика жағдайында жастар мен жасөспірімдерді еңбек және жұмыстылық мәселесінде қорғап, оларға көмек көрсету. Еңбек шартын жасағанда жас жұмыскер және жұмыс берушілер мүдделерінің заңнама ш е н б е р і н д е ү й л е с у і .

Жұмыс күшіне деген сұраныс пен ұсыныстың саны және сапасы жөнінен үйлесімге жетуі. Жастардың толық және тиімді жұмыстылығын қамтамасыз ету.

Жергілікті қоғамдық шеңберінде жастарды еңбекке тарту.

Талантты және дарынды жастарды кәсіптік еңбек қызметінде қолдап, қорғау үшін экономикалық және ұйымдық жағдай туғызу.

Бағдарламаның осы тарауы бойынша мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар арасынан жастардың, студенттердің, жасөспірімдердің және басқалардың үкіметтік емес қоғамдық бірлестіктері қатарынан қабілетті әріптестер іздеу және а н ы қ т а у .

Шешім: жастардың еңбегі мен жұмыстылығының ведомствоаралық міндеттерін атқаратын, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, білім беру, денсаулық сақтау, шағын бизнес, коммуналдық меншікті басқару жөніндегі департаменттердің, экономика жөніндегі комитеттің, еңбек және жұмыстылық орталығының күш-жігерін үйлестіретін қалалық жастар экономикасы орталығын (Ж Э О) қ ұ р у .

Әлеуметтік нәтижесі - жастардың еңбек рыногына бейімделу тетігін жасау, жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейін төмендету, экономиканы құрылымдық жағынан қайта құру жағдайында жастарды әлеуметтік қорғау, жастардың еңбек рыногындағы бәсекелестік қабілетін арттыру, үлкенді-кішілі санаттағы жастардың бәрінің арасындағы қылмыс деңгейін кеміту, халыққа

қызмет көрсету, жастардың табысын көбейту және жас отбасыларының материалдық деңгейін көтеру, жастарды кәсіби даярлау.

2001 жылға мыналар жоспарланады: а) тұрақты жұмысқа - адамды, бөлінген орындарға - адамды, уақытша қоғамдық жұмыстарға - адамды, жазғы маусымдағы жастардың еңбек отрядтарына - адамды, мектеп еңбек бірлестіктеріне - адамды орналастыру; б) - адамды оқыту, қайта оқыту, қайта мамандандыру, біліктілігін арттыру; в) - кәсіпкерлік құрылым құру.

Осы бейіндегі шаралар:

Жұмыстың мазмұны !Мерзімі! Әкімдері !Орындаушылары!2001 жылға сома

!	!	!	! (мың теңге)
!	!	!	!-----
!	!	!	!бюджетте!қосу
!	!	!	!белгілен!керек
!	!	!	! г е н !

1. Қалалық жастар	2001	бөлімдер: АС; еңбек,	- 1.613
экономикасы (ЖЭО)	жылдың экономика	жұмыстылық,	
құру	алғашқы және	халықты	
	жартысы нарықтық	әлеуметтік	
		қатынастар; қорғау	
		денсаулық департаменті;	
		сақтау және жұмыстылық	
		халықты орталығы	
		ә л е у м е т т і к	

қорғау

2. Жастар мен	ұдайы	бөлімдер: ЖЭО, ЖБО,	- -
жасөспірімдердің	экономика	департаменттер:	
еңбек рыногын талдау	және	еңбек, жұмыстылық,	
және болжау, олардың	нарықтық	халықты әлеуметтік	
еңбек қызметі,		қатынастар; қорғау, шағын	
кәсіпкерлік, шағын		денсаулық бизнес, білім	
және орта бизнес		сақтау және беру, жұмыстылық	
саласындағы мүдделерін,	халықты	орталығы, аудан	
талаптарын, қажеттерін	әлеуметтік	әкімшіліктері,	
зерттеу	қорғау	жоғары және	

орта оқу орындары

3. Жастар мен 2001 мемлекеттік- ЖЭО, әділет -
жасөспірімдерді жылдың құқықтық басқармасы
еңбекке оқыту және бірінші жұмыс
уақытша, маусымдық, тоқсаны, бөлімі
тұрақты және қажет
қоғамдық жұмыстарға болса
орналастыру, жаңартып
сондай-ақ барлық отыру
меншік нысанындағы
шаруашылық
нормативтік-құқықтық
актілер бойынша
мәліметтер базасын
қалыптастыру және

пайдалану

4. Әлеуметтік жағынан 2001 жыл, бөлімдер: ЖЭО, ЖБО -
қорғалмаған қажет болса экономика департаменттер:
санаттарды, жетім жаңартып және еңбек,
балаларға арналған отыру нарықтық жұмыстылық,
мектеп-интернаттарды қатынастар;халықты
бітірген білім, әлеуметтік
жасөспірімдерді, ғылым, қорғау, білім
денсаулығында ақауы мәдениет, беру, экономика
бар балаларды, оқуды денсаулық жөніндегі
тастап кеткен сақтау комитет,
жасөспірімдерді, бас және жұмыстылық
бостандығынан айыру халықты орталығы,
орындарынан шыққандарды, әлеуметтік аудан
шетін және жетімсіз қорғау әкімшіліктері
отбасыларынан шыққан
бозбалалар мен қыздарды,
запасқа шығарылған жас
әскери қызметшілерді
бірінші кезекке шығара
отырып жұмыссыз жастар
мен жасөспірімдер
бойынша мәліметтердің
компьютерлік базасын
және аймақтық-салалық

картасын

қалыптастыру

және пайдалану

5. Алматы қаласының ұдайы бөлімдер: экономика - -
экономикасы мен қала экономика жөніндегі
шаруашылығының және комитет,
кәсіпкерлік нарықтық департаменттер:
қызметтің белгілі қатынастар; шағын бизнес,
бір түрлерін білім, еңбек,
дамытуды, нақты ғылым, жұмыстылық,
товарлар мен қызметі мәдениет, халықты
қажетсінуін талдау денсаулық әлеуметтік
сақтау және қорғау,
халықты жұмыстылық
әлеуметтік орталығы,

қорғау ЖЭО, ЖБО

6. Еңбекке орналастыру 2001 бөлімдер: ЖЭО, ЖБО, - -
және жұмыстылық жылдың экономика статистика
жөніндегі алғашқы және басқармасы,
мемлекеттік тоқсаны нарықтық экономика
емес бюроларды, қатынастар; жөніндегі
орталықтарды, еңбек денсаулық комитет,
биржалары мен сақтау және департаменттер:
рекруттық агенттіктерді халықты еңбек,
есепке алудың әлеуметтік жұмыстылық,
мәліметтер базасын қорғау халықты
қалыптастыру және әлеуметтік
пайдалану. қорғау,
Олармен белсенді жұмыстылық
ынтымақтастық жасау орталығы,
семинарлар өткізу, аудан
еңбек рыногындағы әкімшіліктері

бос

орындарының

статистикалық

базасын

жасау.

7. Жаңа өндіріс пен ұдайы бөлімдер: ЖЭО, - -
кәсіпорын жасау 2001 экономика, департаменттер:
арқылы жаңа жұмыс жыл және еңбек,
орындарын жасау, нарықтық жұмыстылық,
оның ішінде қатынастар; халықты

кәсіпкерлік, шағын	денсаулық	әлеуметтік
және орта бизнес	сақтау және қорғау,	шағын
саласында; тұрғын	халықты	бизнес,
үйлер емес	әлеуметтік	статистика
ғимараттармен	қорғау	басқармасы,
жер учаскесі		жұмыстылық
мен жалдық шарттарға		орталығы

еңбекке	жарайтын
жастарды	жұмысқа
орналастыру	квотасы
туралы сауда	пункті
орналастыру	үшін

қосу мәселесін зерттеу

8. Жастар мен ұдайы бөлімдер: департаменттер: - -

жасөспірімдердің	экономика	еңбек, жұмыстылық,
тұрақты жұмысқа	және	халықты
тұруына, оқушы	нарықтық	әлеуметтік қорғау,
жастардың - уақытша	қатынастар;	шағын бизнес,
жұмысқа тұруына	білім,	білім, жұмыстылық
және қосалқы (толық	ғылым,	орталығы,
емес) жұмыстылыққа	мәдениет,	аудандардың
орналасуына іс	денсаулық	әкімшіліктері,
жүзінде көмек көрсету,	сақтау	жоғары және
тұрмысы нашар жастарға	және	арнаулы орта
мемлекеттік қолдау	халықты	оқу орындары, ЖЭО
көрсету, меншіктің		әлеуметтік
санына қарамастан		қорғау

мемлекеттік	ұйымдарға
және жұмыс	беретін
мекемелерге	оларды
жұмысқа	қабылдауда

көмек көрсету.

9. Кедейшілікпен және ұдайы бөлімдер: департаменттер: - -

жұмыссыздықпен	экономика	еңбек,
күрес жөніндегі	және	жұмыстылық,
2000-2001 жылдарға	нарықтық	халықты
арналған	қатынастар;	әлеуметтік
республикалық	денсаулық	қорғау, білім,
Бағдарлама	сақтау	жұмыстылық

шеңберінде, меншік және халықты орталығы,
нысандарына әлеуметтік қала әкімінің
қарамастан, қорғау шешіміне сәйкес
кәсіпорындар мен жұмыс орындарын
мекемелерде бөлінген бөлуге тиісті
жұмыс орындарына кәсіпорындар
жастарды орналастыру. мен ұйымдар,
Мектеп-интернаттардың ЖЭО
түлектеріне, жетім
балаларға және
мемлекеттің
қамқорлығындағы
балаларға арнап
жұмыс орындарын бөлу
үшін кәсіпорындардың
мәліметтер банкін
қалыптастыру

10. Қала бюджеті ұдайы бөлімдер: департаменттер: - -
есебінен ықтимал экономика еңбек,
төлеммен жастар және жұмыстылық,
мен жасөспірімдерді нарықтық халықты
жұмысқа тарту қатынастар; әлеуметтік
білім, қорғау, білім,
ғылым, жұмыстылық
мәдениет, орталығы,
денсаулық қала әкімінің
сақтау шешіміне сәйкес
және жұмыс орындарын
халықты бөлуге тиісті
әлеуметтік кәсіпорындар
қорғау мен ұйымдар,
ЖЭО

11. Жұмыс істейтін ұдайы бөлімдер: департаменттер: - -
және істемейтін экономика еңбек, жұмыстылық,
жастар мен және халықты әлеуметтік
жасөспірімнің нарықтық қорғау, білім,
арасында қаланың қатынастар; жұмыстылық орталығы,

әлеуметтік-білім, комитет: экономика
экономикалық ғылым, жөніндегі; басқарма:
дамуының мүмкіндігін мәдениет, ішкі істер; ЖЭО
ескере отырып, денсаулық жоғары және арнаулы
кәсіпкерлікпен сақтау оқу орындары,
шұғылданатындарға және аудан әкімшіліктері
кәсіби бейімдеу, халықты
кәсіби оқыту, әлеуметтік
мамандықты көтеру қорғау
және қайта арттыру,
кәсіпкерге дайындау
жұмыстарын жүргізу.
Оқу орындарына қала
еңбек нарығының
мұқтажын ескере
отырып, мамандарды
іріктеуге көмектесу

12. БАҚ-тарда жастар әртүрлі бөлімдер: ЖЭО, - -
мен жасөспірімдерге БАҚ-тарда экономика департаменттер:
арнап "Кәсіп", айына және еңбек,
"Кәсібің - нәсібің", 1-2 рет нарықтық жұмыстылық,
"Жастарға жол даңғыл", қатынастар; халықты
"Кәсібің бағдар денсаулық әлеуметтік
әліппесі", "Сен сақтау және қорғау,
де бір кірпіш дүниеге", халықты шағын бизнес,
т.б. шартты атаулармен әлеуметтік білім, ішкі
кәсіби бағдар қорғау істер
хабарларының басқармасы,
топтамасын беру жұмыстылық
орталығы,
КІК "Дәнекер"

13. Жоғары және 2001- бөлімдер: ЖЭО, - -
арнаулы орта оқу 2002 экономика департаменттер:
орындарының жылдар және еңбек,
түлектерін жұмысқа нарықтық жұмыстылық,
орналастыруды қатынастар; халықты
реттейтін тетік денсаулық әлеуметтік

жасау проблемасын сақтау және қорғау,
 зерделеу халықты шағын бизнес,
 әлеуметтік білім,
 қорғау, жұмыстылық
 білім, орталығы,
 ғылым, аудандардың
 мәдениет әкімшіліктері,
 жоғары және
 арнаулы орта
 оқу орындары

14. Кәсіпкерлік, ұдайы бөлімдер: ЖЭО, - 120
 шағын және орта экономика департаменттер:
 бизнес және және еңбек,
 ғылыми-техникалық нарықтық жұмыстылық,
 жастар қатынастар; халықты
 бағдарламасын білім, әлеуметтік
 қолдау көрсету ғылым, қорғау,
 мәдениет шағын бизнес,
 денсаулық білім,
 сақтау және аудандардың
 халықты әкімшіліктері,
 әлеуметтік қаржы
 қорғау басқармасы

15. Жастардың ұдайы бөлімдер: департаменттер: - -
 әлеуметтік экономика еңбек,
 қорғалмаған және жұмыстылық,
 санаттарына қатысты нарықтық халықты
 мемлекеттік қатынастар; әлеуметтік
 қолдампаздықты білім, қорғау,
 қамтамасыз ету, ғылым, шағын бизнес,
 меншік нысаны мен мәдениет білім,
 ұйымдық-құқықтық денсаулық денсаулық,
 нысаны қандайлығына сақтау және аудандардың
 қарамастан жұмыс халықты әкімшіліктері,
 беруші ұйымдардың әлеуметтік жоғары және
 жұмысқа қабылдаудағы қорғау арнаулы орта
 басымдығын қамтамасыз оқу орындары,

ету жөнінде олармен
жұмыс істесуде
мемлекеттік органдар
мен мекемелерге
қолдау көрсету.
Оқу орындарына
қалалық рыногының
сұранысын ескере
отырып мамандар
даярлауда ақпараттық
және методикалық
көмек көрсету.

ЖЭО

16. Жастар үшін 2001- экономика ЖЭО, - 200
"Жұмыс орындары 2002 жж. және департаменттер:
жәрмеңкесін" қазан нарықтық еңбек,
өткізу қатынастар жұмыстылық,
бөлімі халықты
әлеуметтік
қорғау, туризм,
шағын бизнес,
аудан
әкімшіліктері

17. Жастар мен 2001- бөлімдер: ЖЭО, ЖБО 3.300 -
жасөспірімдердің 2002 экономика департаменттер:
жазғы жұмыстылығын жылдардағы және еңбек,
қамтамасыз ету: жаз нарықтық жұмыстылық,
- жастардың еңбек кезеңіне қатынастар; халықты
отрядтарында; денсаулық әлеуметтік
- мектеп еңбек сақтау және қорғау,
бірлестіктерінде халықты білім,
әлеуметтік жұмыстылық
қорғау, орталығы,
білім, аудандардың
ғылым, әкімшіліктері,
мәдениет жоғары және
арнаулы орта
оқу орындары

18. Жастарды жұмысқа Мәселені бөлімдер: ЖЭО; - -
орналастыру зерттеу экономика комитеттер;
саласында шегі және экономика,
халықаралық бойынша нарықтық сыртқы
ынтымақтастық қатынастар; экономика
жобаларына қатысу денсаулық және мәдени
сақтау және байланыстар;
халықты департаменттер:
әлеуметтік шағын бизнес,
қорғау, еңбек, жұмыспен
қамту және
халықты жұмыспен
қамту, жоғары
және арнаулы
орта оқу орындары
19. Әйелдер мен жас. ұдайы бөлімдер: ЖЭО, 80 -
тар кәсіпкерлігін экономика департаменттер:
дамыту үшін қай. және шағын бизнес,
тарымды негізде нарықтық қаржы, аудан
қала бюджеті қатынастар әкімшіліктері
ұсынылатын тауар
қаражатынан жеңіл.
дікпен кредиттеу.
дің жалпы көлемін
20 пайыздық квота
бөлуді қарастыру: <*>
- кәзіргі жеңілдік 2001 жылдың
кредиттеу жүйесіне екінші
өзгеріс енгізу; тоқсаны
- жаңадан бастаған 2001-2002
кәсіпкерлерге қаржы жылдары
және лизинг қолдау
механизмін жасау;
- қала бюджетінен 2001-2002
қайтарымдағы жылдары
негіздегі жеңілдік
кредиттеу көлемінен
10 процент квота бөлу;

- жастар 2001-2002
кәсіпкерлігін жылдары
дамытуға Алматы
бизнес-инкубатор
аумағындағы 10 процент
өндірістік алаңды
беру;

- Алматы шағын бизнес 2001-2002
департаментінен және жылдары
бизнес-инкубаторды
жастарды кәсіпкерлікке
10 процент квота бөлу

8000

20. Жобаларды әзірлеуге 2001 ж. бөлімдер: ЖЭО,
қатысу: I экономика департамент:
- жастардың кәзіргі жарты- және шағын
кәсіпкерлік қызметі жылдығы нарықтық бизнес
бойынша ҚР қатынастар
Заңдарына өзгеріс;
- жастар мәселесінде
"Шағын кәсіпкерлік
инфрақұрылымдарына
мемлекеттік қолдау
туралы" ҚР заңына;
- ҚР Үкіметінің
жанындағы Комиссияға,
қала әкіміне жастар
шағын кәсіпкерлік
мәселесі бойынша
ұсыныс.

21. ҚР Парламентінің 2001 жылдың бөлімдер: ЖЭО, ЖБО - -
меншік нысанына екінші экономика департаменттер:
қарамастан жартысы және еңбек,
ұйымдар мен нарықтық жұмыстылық,
кәсіпорындардың қатынастар;халықты
жас мамандарды денсаулық әлеуметтік
жұмысқа алу, сақтау қорғау,
жасөспірімдерді және білім, әділет

тұрақты жұмысқа	халықты басқармасы,
орналастыру,	әлеуметтік жұмыстылық
жастарға жұмыс	қорғау, орталығы,
орнын жасау,	білім, Қазақстан
оларды кәсіби	ғылым, Республикасы
даярлау, жергілікті	мәдениет, Қаржы
деңгейде өндірістік	мемлекеттік- министрлігінің
оқуын ұйымдастыру	құқықтық Алматы қаласы
жөніндегі ынтасын	жұмыс, бойынша салық
арттыру үшін	заң комитеті,
оларға экономикалық,	аудандардың
қаржылық және	әкімшіліктері,
салықтық жеңілдіктер	КІК
мен артықшылықтар,	
басқа да қосымша	
ынталандыру	
шараларын беру	
жөнінде ұсыныстар	
әзірлеу.	

Ескерту. 19-тармақша өзгертілді - Алматы қалалық Мәслихатының 2002 жылғы 19 желтоқсандағы шешімімен .

б) Жастар мен жасөспірімдер білім алу, кәсіби және ғылыми даярлықтан өту мәселелер

Міндеттер: Жастардың білім алуға және кәсіби даярлықтан өтуге, ғылыми және зерттеу жұмысымен айналысуға деген құқықтары мен бостандықтарын сақтаудың кепілдіктерін қамтамасыз ету, жастардың ғылыми-техникалық творчествосын ынталандыру .

Нарықтық экономика жағдайында жалпы, кәсіптік және ғылыми білім алу мәселелері бойынша жастармен жасөспірімдерді қорғау және оларға көмек көрсету, оқу, ғылыми-зерттеу, конструкциялық қызметті, инновациялық жұмыстарды ұйымдастыру мен қамтамасыз етуге көмектесу, оқушыларға экономика, құқық, кәсіпкерлік және бизнес негіздерін үйрету, социээкономикалық мінез-құлқын қалыптастыру.

Жастардың ғылыми әлеуетін республикалық ғылыми-техникалық және халықшаруашылық кешеніне интеграциялау, ғылыми творчество, зерттеушілік және тәжірибе-конструкциялық жұмыс саласындағы талантты және дарынды жастарды қолдап, қорғау үшін қолайлы құқықтық, экономикалық және ұйымдық жағдайлар т у ғ ы з у .

Мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар, жастардың, студенттердің, жасөспірімдердің қоғамдық және басқа да үкіметтік емес бірлестіктері арасынан бағдарламаның осы тарауы бойынша қабілетті әріптестер іздеп табу.

Шешім: Алматы қаласы әкімінің жанындағы Жастар ісі жөніндегі кеңестің шеңберінде жастар мен жасөспірімдердің ведомствоаралық білім, кәсіби және ғылыми даярлық орталығының қызметін атқаратын жастар мен жасөспірімдердің қалалық біліми орталығын (ЖБО) құру.

Әлеуметтік нәтижесі: Нарық жағдайында жастардан талап етілетін жалпы біліми және техникалық сауаттылық деңгейіне жету, жалпыға бірдей орта білім алғаннан кейінгі оқудың беделін көтеру. Жас адамдардың әлеуметтік және кәсіби жағынан өздерін таныта білу мүмкіндігі.

Жастарды ғылыми творчествоға кәсіби бағдарлау, ғылыми кадрлардың отандық мектебін әзірлеу, республиканың парасат элитасын қалыптастыру.

Жастар мен жасөспірімдердің құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетінің өсуі, олардың қоғамдағы маңызының артуы.

Бұл бейіндегі шаралар мынадай:

Жұмыстың мазмұны !Мерзімі! Әкімдері ! Орындаушылары !2001 жылға сома
! ! ! ! (мың теңге)
! ! ! !-----
! ! ! !бюджетте !қосу
! ! ! !белгілен-!керек
! ! ! ! г е н !

1. Жалпыға міндетті ұдайы білім, білім - -
оқу туралы заңды ғылым департаменті,
іске асыру және ЖБО
мәдениет
бөлімі
2. Қосымша білім алу, ұдайы білім, білім - -
мектептегі және ғылым департаменті,
мектептен тысқары және басқармалар:
ортадағы үйірмелер, мәдениет тілдер
секциялар, клубтар, бөлімі жөніндегі,
әуесқойлық мәдениет, дене
бірлестіктер арқылы тәрбиесі және
жасөспірімдердің ой спорт
өрісін кеңейту. жөніндегі
Ұлттық пікір комитет,

орталығымен
ынтымақтастық.

аудандардың
әкімшіліктері,
КІК, ЖБО

3. Өртүрлі ғылым ұдайы бөлімдер: білім - -
салалары бойынша білім, департаменті;
қалалық конкурстар, ғылым, басқармалар:
байқаулар мәдениет; тілдер жөніндегі;
олимпиадалар, ішкі саясат; мәдениет; ішкі
викториналар экономика істер,
өткізу және және нарықты нашақорлықпен
осындай қатынастар; күрес жөніндегі;
республикалық, денсаулық ақпарат және
халықаралық шаралар сақтау және қоғамдық келісім;
қатысу халықты аудандарды
әлеуметтік әкімияттардың;
қорғау; жоғары және
мемлекеттік арнаулы орта
құқықтық оқу орындары;
жұмыс ЖБО
4. Қалалық 2002 ЖБО; - -
әлеуметтік жылды білім
педагогикалық бірінші департаменті;
инновациялар тоқсаны
лабораториясын
құру мәселесін
зерделеу
5. Мемлекеттік ұдайы Мемлекет- білім департаменті - -
білімі тік жоғарғы және
стандарттары білімі, арнаулы орта оқу
мемлекеттік ғылым, орындары;
емес оқу мәдениет аудандардың
орындарына бөлімі әкімияттары ЖБО
енгізуге есептеу
6. Жастармен ұдайы жоғары және - -
жасөспірімдердің арнаулы

білім алуына	орта оқу
ұзақ мерзімді	орындары;
несиелесу жүйесін	ЖБО
және оны қолдаудың	
басқа да нысандарын	
кезең кезеңімен	
негіздеуге ықпал	
ету	

7. Өнеркәсіп өндірісі ұдайы бөлімдер: департаменттер: - -

саласында, халық	білім, еңбек,
шаруашылығының	ғылым, жұмыстылық
базалық салаларында,	мәдениет, және халықты
қала еңбек рыногының	экономика әлеуметтік
ерекшеліктеріне және	және қорғау,
нақты талаптарына	нарықтық шағын бизнес,
жұмыс істеу үшін	қатынастар білім,
жастар мен	экономика
жасөспірімдерді	жөніндегі
арнайы кәсіби және	комитет,
жоғары білім	аудандардың
алуға бағдарлау	әкімияттары,
	жоғары және
	арнаулы орта
	оқу орындары;
	ЖБО

8. "Білімді қызмет ұдайы Бөлімдер: Комитеттер: - -

жәрмеңкесін" ішкі саясат; дене тәрбиесі

өткізу денсаулық мен спорт жөніндегі;

сақтау және экономика жөніндегі;

халықты департаменттер:

әлеуметтік білім, шағын

қорғау; бизнес; денсаулық

білім, сақтау; еңбек,

ғылым және жұмыспен қамту және

мәдениет; халықты әлеуметтік

экономика қорғау; мәдениет

және басқармасы;

нарықтық аудандардың
қатынастар әкімияттары,
КІК; АС; ҚЖО

9. Оқушыларды, Мәселені білім, Білім - 200
талапкерлерді, зерделеу ғылым департаменті;
студенттер мен барысына және жоғары және
курсанттарды қарай мәдениет арнаулы орта
біліми бөлімі оқу орындары;
бағдарламалар аудандардың
арқылы қолдау әкімияттары;
ЖБО
10. Жалпы білім 2001- Бөлімдер: Департаменттер: - 200
беретін және 2002 экономика шағын бизнес;
басқа оқу жылдар және білім;
орындарының бойы нарықтық денсаулық
оқушыларын қатынастар; сақтау; еңбек,
мыналарға оқыту денсаулық жұмыспен қамту
және тәрбиелеу: сақтау және және халықты
- экономика халықты әлеуметтік
және кәсіпкерлік әлеуметтік қорғау; ішкі
негіздеріне; қорғау; істер
- құқық білім, басқармасы;
негіздеріне; ғылым және КІК;"Дәнекер"
- адамгершілік мәдениет; ЖЭО; ЖБО
тәрбиесіне; ішкі саясат;
- темекі тарту, мемлекеттік-
маскүнемдік, құқықтық
токсикоманиялық, жұмыс
нашақорлық
сияқты жаман
әдеттерге
қарсы тұруға
11. Оқушылар мен 2001 Бөлімдер: ЖЭО; ЖБО; - -
студенттерге жылдың экономика департаменттер:
арнап екінші және шағын бизнес;
кәсіпкерлік жартысы нарықтық білім;

қызметті, шағын қатынастар денсаулық
 және орта бөлімі; сақтау;
 бизнесті денсаулық еңбек, жұмыспен
 ұйымдастыру сақтау және қамту және
 жөнінде халықты халықты
 әдістемелік әлеуметтік әлеуметтік
 материалдар мен қорғау; қорғау; жоғары
 ұсыныстар әзірлеу білім, және арнаулы орта
 ғылым және оқу орындары
 мәдениет

12. Кәсіби мектептер ұдайы Бөлімдер: департаменттер: - -
 мен колледждердің экономика шағын бизнес;
 шағын және орта және білім;
 бизнес құрылымдары: нарықтық денсаулық
 кәсіпкерлікті қатынастар; сақтау; еңбек,
 қолдау орталығымен, білім, жұмыспен қамту
 кәсіпкерлер ғылым және және халықты
 ассоциациясымен мәдениет әлеуметтік
 және т.б. байланысын қорғау;
 дамытып, тереңдету аудандардың
 әкімияттары;
 ЖЭО; ЖБО

13. Жастарды 2001- Бөлімдер: ЖЭО; ЖБО; - -
 кәсіпкерлікке 2002 экономика департаменттер:
 тартатын жылдар және шағын бизнес;
 құрылымдар: бойы нарықтық білім;
 бизнес-орталықтар; қатынастар денсаулық
 іскерлік әріптестік бөлімі; сақтау; еңбек,
 орталықтарын, денсаулық жұмыспен қамту
 бизнес-инкубаторлар, сақтау және және халықты
 бизнес-мектептер халықты әлеуметтік
 және т.б. құруға әлеуметтік қорғау;
 көмектесу қорғау аудандардың
 әкімияттары

14. Экономиканың, 2001- Бөлімдер: ЖЭО; ЖБО; - 240
 өнеркәсіптің 2002 экономика департаменттер:

және қала жылдары және шағын бизнес;
 шаруашылығының тоқсан нарықтық білім;
 әртүрлі сайын қатынастар денсаулық сақтау;
 салаларында бір рет бөлімі; еңбек, жұмыспен
 жұмыс істейтін денсаулық қамту және
 жұмысшы жастар сақтау және халықты
 арасында халықты әлеуметтік
 "Таңдаулы әлеуметтік қорғау;
 мамандық иесі" қорғау аудандардың
 конкурсын әкімияттары
 ұйымдастырып,
 өткізу

15. Неғұрлым ұдайы Білім, ЖБО; білім - 120
 талантты ғылым департаменті;
 оқушыларды, және басқармалар:
 студенттер мен мәдениет мәдениет,
 жас ғалымдарды бөлімі тілдер жөніндегі;
 қолдау; аудандардың
 конференциялар, әкімияттары;
 ғылыми семинарлар; жоғары және
 тақырыптық арнаулы орта оқу
 олимпиадалар, орындары мен
 конкурстар, жас жалпы білім
 ғалымдар мектептерін, беретін мектептер
 Кіші Ғылым
 академиясының
 сессияларын және
 т.б. ұйымдастыру
 арқылы олардың
 творчестволық
 қабілеттерін іске
 асыруына қолайлы
 жағдай туғызу

16. Жастар арасында 2001- Бөлімдер: ЖЭО; ЖБО; - -
 шағын және орта 2002 экономика департаменттер:
 бизнес пен жылдар- және шағын бизнес;
 кәсіпкерлік дағы нарықтық білім; денсаулық

саласындағы мамыр қатынастар сақтау; еңбек,
инновациялық бөлімі; жұмыспен қамту
жобалардың денсаулық және халықты
қалалық конкурсын сақтау және әлеуметтік
өткізу халықты қорғау;
әлеуметтік аудандардың
қорғау әкімияттары

17. Ғылыми ұдайы білім, ЖБО; білім - -
зерттеулер ғылым және департаменті;
жүргізуші жас мәдениет аудандардың
ғалымдар, бөлімі әкімияттары
аспиранттар,
студенттер,
оқушылар туралы
мәліметтер банкін
қалыптастыру және
пайдалану

18. Қала жас 2001 Бөлімдер: ЖБО; - -
ғалымдарының жылғы ішкі жоғары
ассоциациясын мамыр- саясат; және
құру маусым білім, арнаулы
ғылым және орта оқу
мәдениет орындары

19. Жастардың 2001- Бөлімдер: ЖБО; - 560
қалалық бірінші 2002 ішкі білім
Ғылым фестивалін жылдар- саясат; департаменті;
өткізу дағы білім, жоғары және
көкек ғылым арнаулы орта оқу
және орындары
мәдениет

**в) Бос уақыттағы мәдени-көпшілік және сауықтыру жұмысының,
көркемөнерпаздықтың, қолданбалы және техникалық творчествоның,
рухани және бой-тұрпат дамуының, аймақаралық және халықаралық
жастар мен студенттер алмасудың мәселелері**

Міндеттер: Жастар мен жеткіншектердің отаншылдық және азаматтық қасиеттерін дамыту, жалпы құқықтық мәдениет арттыру, жастардың бойынша Конституцияны, заңдарды, Қазақстанның мемлекеттік дамуының түбірлі идеяларын құрметтеу сезімін тәрбиелеу, осы проблеманы шешудің соны жолдарын тәжірибеге енгізу.

Жастар мен жасөспірімдердің парасаттылық дамуына және тәрбиесіне, оларды көркем творчествоға кәсіби бағдарлауға көмектесу. Мәдениет, спорт саласында талантты да дарынды жастарды қолдап, қорғауға қажетті экономикалық және ұйымдық жағдайлар туғызу.

Жастар мен жасөспірімдердің бос уақытын пайдалы өткізуін ұйымдастыру, салауатты өмір салтын насихаттау. Олардың мәдени және бой-тұрпат тұрғысынан дамуға деген қажеттерін қанағаттандыру. Жастардың бос уақытындағы ермегінің бұрыннан бар және жаңа нысандарын қолдап, тарату, дене шынықтыру мен спорттың бұқаралық түрлерін дамытуға ықпал ету.

Мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар, жастардың, студенттердің, жасөспірімдердің қоғамдық және басқа да үкіметтік емес бірлестіктері арасынан бағдарламаның осы тарауы бойынша қабілетті әріптестер іздеп, бату.

Шешім: Жастар мен жасөспірімдердің дәстүрлі емес оқуының, бой-тұрпат және рухани дамуының бос уақытындағы мәдени-көпшілік және сауықтыру шараларын ұйымдастырудың ведомствоаралық қызметін атқаратын қалалық жастар орталығын (ҚЖО) құру.

Әлеуметтік нәтижесі: Жастар мен жасөспірімдердің азаматтық, қоғамдық және творчестволық белсенділігін дамыту, оларды өз мүмкіндіктерін танытудың қоғамдық мәні бар нысандарын тарту.

Жастар мен жасөспірімдердің бойында өз Отанын мақтан ететін патриоттық сезімін, әскерде қызмет етуге және Отанын қорғауға деген оң сипаттағы қоғамдық және жекебасылық көзқарасын қалыптастыру, әскери-техникалық және қолданбалы білік пен машыққа ие болу.

Алматы қаласы жастары мен жасөспірімдерінің парасаттылық және рухани әлеуетін жандандыру. Жастарды мәдениет пен өнер, халықтың көркемөнерпаздық және қолданбалы шығармашылығы саласындағы творчествоға кәсіби бағдарлау.

Бұл бейіндегі шаралар мынадай:

Жұмыстың мазмұны !Мерзімі!Әкімдері! Орындаушылары !2001 жылғы сома

!	!	!	! (мың теңге)
!	!	!	!-----
!	!	!	! бюджетте!қосу

! ! !

! белгілен! керек

1

!

2

!

3

!

4

!

5

!

6

1. Жастар үйін ашу <*> 2003 Бөлімдер: АС; - -

жыл ішкі департаменттер:

саясат; білім, шағын

білім, бизнес; денсаулық

ғылым сақтау; еңбек,

Қалалық жастар 2002 және жұмыспен қамту және орталығын (Сарайын) жыл мәдениет; халықты әлеуметтік ашу экономика қорғау; коммуналдық

және меншікті басқару

нарықтық жөніндегі; басқармалар:

қатынастар; ақпарат және

денсаулық қоғамдық келісім;

сақтау және мәдениет, тілдер

халықты жөніндегі; ішкі

әлеуметтік істер; әділет;

қорғау; заң, қаржы; комитеттер:

мемлекеттік экономика жөніндегі;

-құқықтық дене тәрбиесі мен

жұмыс; спорт жөніндегі;

тұрғын-үй сыртқы экономикалық

коммуналдық және мәдени

шаруашылық; байланыстар

қаржы- жөніндегі;

шаруашылық мемлекеттік меншік

пен жекешелендіру

аймақтық; аудандардың

әкімияттары

2. Ойын-сауық 2001 ж. Бөлімдер: АС,

орталықтары, бойында ішкі департаменттер:

қала мекемелері саясат, туризм, басқармалар:

мен ұйымдары білім, ақпарат және

туралы банк ғылым және қоғамдық келісім,

мәліметтерін мәдениет мәдениет, тілдер

жасау жөніндегі, комитеттер:

сыртқы экономикалық
және мәдени
байланыстар, аудан
әкімшіліктері, жоғары
және орта арнаулы
оқу орындары

3. Дәстүрлі 2001- Бөлімдер: АС; ҚЖО; Шағын - -
қалалық және 2002 ішкі ҚХА Алматы
аудандық жылдар саясат; қаласындағы
мерекелер мен бойы білім, атқарушы
мәдени-көпшілік ғылым хатшылығы;
шараларды және департаменттер:
ұйымдастыруға мәдениет; білім, шағын
және өткізуге экономика бизнес; денсаулық
қатысу және сақтау; еңбек,
нарықтық жұмыспен қамту
қатынастар; және халықты
денсаулық әлеуметтік қорғау;
сақтау және басқармалар:
халықты ақпарат және
әлеуметтік қоғамдық келісім;
қорғау мәдениет, тілдер
жөніндегі; ішкі
істер; дене
тәрбиесі мен спорт
жөніндегі комитет;
аудандардың
әкімияттары
4. Этникалық Жеке Бөлімдер: АС; ҚЖО; - 60
диаспора мен жоспар ішкі Шағын ҚХА
Қазақстан бойынша саясат, Алматы
халықтары білім, қаласындағы
ұлттық мәдени ғылым және атқарушы
орталықтарының мәдениет хатшылығы;
өкілдері - департаменттер:
жастары үшін білім, шағын
және солардың бизнес; денсаулық

өздерін қатыстыра	сақтау; еңбек,
отырып	жұмыспен қамту
фестивальдар мен	және халықты
басқа да мәдени	әлеуметтік
акциялар өткізу	қорғау;
	басқармалар:
	ақпарат және
	қоғамдық келісім;
	мәдениет, тілдер
	жөніндегі; ішкі
	істер; дене
	тәрбиесі мен
	спорт жөніндегі
	комитет; аудандардың
	әкімияттары

5. Жалпықалалық және	ұдайы	Бөлімдер: АС; ҚЖО;	-	-
